

"Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлаудың, берілген біліктілік куәліктерінің пайдаланылуына бақылау жасаудың, олардың қолданылуын тоқтата тұрудың және қайтарып алудың тәртібі туралы ережені" бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының қаулысы 1997 жылғы 2 қыркүйек N 138 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 20 қазанда тіркелді. Тіркеу N 406. Күші жойылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1999.02.23. N 26 ~V990721 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы қаулы етеді:

1. "Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлаудың, берілген біліктілік куәліктерінің пайдаланылуына бақылау жасаудың, олардың қолданылуын тоқтата тұрудың және қайтарып алудың тәртібі туралы ережені" бекітсін.

2. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы осы ережені тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ұсынсын.

3. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы атқарушы аппаратының Рынокты реттеу басқармасына жүктелсін.

4. Ереже Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген сәттен бастап күшіне енеді.

5. Жоғарыда аталған ереже Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген сәттен бастап Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 13 желтоқсандағы "Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау жөніндегі курсы тыңдаушыларын аттестациялау тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" N 151 қаулысының күші жойылсын.

Ұлттық комиссияның
Төрағасы

Бағалы қағаздар жөніндегі
ұлттық комиссиясының
1997 жылғы 2 қыркүйектегі
N 138 қаулысымен бекітілді

Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлаудың, берілген біліктілік куәліктерінің пайдаланылуына бақылау жасаудың, олардың қолданылуын тоқтата тұрудың және қайтарып алудың тәртібі туралы ереже

I. Ж а л п ы е р е ж е л е р

1.1. Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлаудың, берілген біліктілік куәліктерінің пайдаланылуына бақылау жасаудың, олардың қолданылуын тоқтата тұрудың және қайтарып алудың тәртібі туралы осы Ереже (Бұдан әрі - Ереже) оқу курстарының тыңдаушыларын оқытудың, біліктілік куәліктерін алуға үміткерлерді аттестациялаудың, берілген біліктілік куәліктерінің пайдаланылуына бақылау жасаудың, олардың қолдануын тоқтата тұрудың және қайтарып алудың тәртібін белгілейді.

1.2. Курс тыңдаушыларын аттестациялау бағалы қағаздар рыногында міндеттерін білікті атқаруға үміткерлердің даярлықтарын айқындау және бағалы қағаздар рыногы қатысушыларының қажетті кәсіби деңгейін ұстап тұру мақсатында жүзеге асырылады.

1.3. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының Аттестациялық комиссиясынан (бұдан әрі - БҚҰК Аттестациялық комиссиясы) аттестациядан өткен үміткерлерге мынадай санаттар көрсетіліп біліктілік куәліктері беріледі:

- аталған тұлғаға бағалы қағаздар рыногында брокерлік, дилерлік қызметтерді жүзеге асыру құқығының берілгендігін растайтын бірінші санат;
- аталған тұлғаға бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығының берілгендігін растайтын екінші санат;
- аталған тұлғаға бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығының берілгендігін растайтын үшінші санат.

1.4. Бірінші, екінші және үшінші санатты біліктілік куәліктерін алуға

үміткерлерге оқуға және аттестациядан өтуге рұқсат берілгенде олардың жоғары заңдық, техникалық немесе экономикалық білімдері не мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс стажы бар орта арнаулы экономикалық білімдері болу керек.

Үшінші санат бойынша оқуға бірінші санатты біліктілік куәліктері бар мамандар жіберіледі.

II. БҚҰК Аттестациялық комиссиясының қызметі

2.1. БҚҰК Аттестациялық комиссиясы - БҚҰК мүшелерінен және БҚҰК атқарушы аппаратының жауапты қызметкерлерінен тұратын алқалы орган.

2.2. БҚҰК Аттестациялық комиссиясы жеті адамнан тұрады және оған Аттестациялық комиссияның төрағасы, төрағаның орынбасары және мүшелері енеді. Іс қағаздарын жүргізуді Аттестациялық комиссияның хатшысы жүзеге асырады. Аттестациялық комиссияның жеке құрамы БҚҰК Төрағасының бұйрығымен айқындалады.

2.3. БҚҰК Аттестациялық комиссиясы мынадай функцияларды:

- бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау жөніндегі бірыңғай оқу бағдарламаларын әзірледі және бекітуді;

- БҚҰК бекітілетін, оқу орталықтарының қызметін және бағалы қағаздар рыногында жұмыс істейтін мамандар даярлаудың тәртібін реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын әзірлейді;

- оқу орталықтарының қызметіне бақылау жасауды;

- аттестациялауды өткізудің кестесін әзірледі;

- тестілердің сұрақтарын және емтихан билеттерін әзірледі және бекітуді;

- аттестациялауды жүргізуді;

- біліктілік куәліктерін беруді жүзеге асырады.

2.4. БҚҰК Аттестациялық комиссиясының жиналыстары қажеттілігіне қарай, бірақ айына кемінде бір рет өтеді.

2.5. БҚҰК Аттестациялық комиссиясының жиналыстары мүшелерінің кемінде 2/3 болғанда өтеді. Біліктілік куәліктерін алуға үміткерлерді аттестациядан өткізу үшін БҚҰК арнаулы рұқсаты бойынша БҚҰК Аттестациялық комиссиясының құрамын жиналыстары өткізілуі мүмкін. Көшпелі комиссияның құрамын БҚҰК Аттестациялық комиссиясы мүшелерінің және БҚҰК атқарушы аппараты қызметкерлерінің арасынан БҚҰК Төрағасы айқындайды. Көшпелі комиссия кемінде үш адамнан тұру керек. Көшпелі комиссия аттестациялауды жүргізудің алдында үміткерлердің құжаттарын осы Ереженің 1.4-тармағына сәйкестілігін тексереді.

2.6. Комиссияның шешімі БҚҰК Аттестациялық комиссиясының қатысып

отырған мүшелерінің көпшілік дауыстарымен қабылданады және тиісті хаттамамен ресімделеді.

III. Мамандарды аттестациялауға даярлаудың тәртібі

3.1. Біліктілік куәліктерін алуға үміткерлерді даярлауды қолданылып жүрген заңға сәйкес берілген БҚҰК Рұқсаты бар оқу орталықтары жүзеге асырады. Үміткерге өздігінен даярлануға және осы Ережемен айқындалған тәртіпте аттестациялаудан өтуіне рұқсат етіледі.

3.2. Біліктілік куәлігін алуға оқу орталықтарының бірінде оқу орталығына мынадай құжаттарды тапсырады:

- біліктілік куәлігін алу үшін кейіннен аттестациялауға жібере отырып курсқа қабылдау туралы осы Ереженің N 1 қосымшасына сәйкес фотосуретімен бірге өтініш;

- білім туралы дипломның ксерокөшірмесі немесе нотариальды расталған көшірмесі;

- заңды тұлғаның мөрімен расталған еңбек кітапшасының (келісім-шарттың, еңбек келісімнің) ксерокөшірмесі немесе нотариальды түрде расталған көшірмесі.

3.3. Үміткердің біліктілік куәлігін алуға ұсынған құжаттары осы Ереженің талаптарына сәйкес келгенде оқу орталығы осы үміткерді оқу курсына қабылдауды жүзеге асырады.

3.4. Мамандар даярлау жөніндегі кезекті оқу курсының басталуына дейін үш күннің ішінде оқу орталығы БҚҰК-на мынадай құжаттарды ұсынады:

- емтихан жүргізудің жорамалданған күнін көрсете отырып оқу курсының жүргізу туралы N 2 қосымшасына сәйкес өтініш;

- сабақтардың тақырыбын, оны жүргізетін оқытушылардың тегін, сондай-ақ оларды жүргізу орындарын және уақытын көрсете отырып оқу курсының кестесін;

- осы курс тыңдаушыларының жобаланған тізімі.

IV. Аттестациялауды жүргізудің тәртібі

4.1. Оқу процесінің аяқталуына дейін бес күн мерзімнен кешіктірмей оқу курсы БҚҰК Аттестациялық комиссиясына тыңдаушыларды аттестациялаудан өткізу туралы N 3 қосымшаға сәйкес өтініш және тыңдаушылардың осы Ереженің 3.2-тармағында аталған құжаттарын тапсыру керек.

4.2. Егер тыңдаушылардың саны 15 адамнан асып кеткен жағдайда, БҚҰК Аттестациялық комиссиясы аттестацияны аттестацияланушылардың санына

байланысты бірнеше күн ішінде өткізуге құқылы.

4.3. Бір күнде бір санаттан артық санаттар бойынша аттестациялауды өткізуге тәртіпке сәйкес жол берілмейді.

4.4. Оқу орталығының осы Ереженің талаптарына сәйкес ұсынған құжаттарын қарағаннан кейін, БҚҰК Аттестациялық комиссиясы оқу орталығының атына күнін және уақытын көрсете отырып аттестациялауды өткізу туралы жазбаша ескертпе жібереді.

4.5. Аттестациялауды өткізу күніне дейін екі күннің ішінде оған жіберілген тұлғалардың тізімін БҚҰК Аттестациялық комиссиясының төрағасы бекітеді.

4.6. Оқу орталықтары ұсынған құжаттар осы Ереженің талаптарына сәйкес уақытында немесе тиісті дәрежеде ресімделмеген жағдайда, БҚҰК Аттестациялық комиссиясы оқу орталығының атына дәлелді бас тарту жібере отырып, аттестациялауды өткізуден бас тартуға құқылы.

4.7. Оқу орталығы тыңдаушыларды Аттестациялық комиссияның оларды аттестациялауға жіберу, аттестациялаудың күні және уақыты туралы шешімі жөнінде уақытында хабардар етуі, сондай-ақ Аттестациялық комиссияның аттестациялауға жіберген үміткерлердің тізімін айқындау керек.

4.8. Аттестациялау тәртіпке сәйкес БҚҰК емтихан орталығында өткізіледі.

Қажет болған жағдайда, БҚҰК Аттестациялау комиссиясы БҚҰК Төрағасының бұйрығы бойынша үміткерлерді аттестациялауды олардың оқыған орындарында жүзеге асыра алады. Біліктілік куәлігін алған үміткер аттестациялауға оның жеке басын куәландыратын құжатпен келу керек.

4.9. Үміткер аттестациялауға себепті жағдаймен келе алмағанда, өткізілмеген аттестациялаудың күнін және келмеу себебін көрсеткен өтініш негізінде басқа кез келген күні өткізілетін аттестациялауға жіберіледі.

4.10. Аттестациялау екі кезеңде өткізіледі:
бірінші - тесттен өту;
екінші - ауызша емтихан.

4.11. Әрбір үміткерді аттестациялауға кететін жалпы уақыт 80 минуттан аспайды. Оның ішінде тесттен өтуге - 30 минуттан көп емес, билет бойынша даярлануға - 30 минуттан көп емес.

4.12. Тесттен өту тесттің сұрақтарына жазбаша түрде немесе компьютерлік техниканы пайдаланумен жауап беру нысанында жүзеге асырылады. Тесттен өту кезіндегі сұрақтардың саны 50 аспау керек.

4.13. Тест сұрақтарының кемінде 80% жауап берген үміткер тәртіпке сәйкес ауызша емтиханға жіберіледі. Тесттен өтудің нәтижелері бойынша ауызша емтиханға жіберілмеген үміткер аттестациялаудан өтпеген болып саналады.

4.14. Ауызша емтихан емтихан билеттерінің сұрақтарына және БҚҰК Аттестациялық комиссиясы мүшелерінің бекітілген Бағдарлама шеңберіндегі

сұрақтарына ауызша жауап беру нысанында жүргізіледі.

4.15. Ауызша емтиханды бағалау кезінде мынадай шкала қолданылады: "қанағаттанарлықсыз", "қанағаттанарлық", "жақсы", "өте жақсы".

4.16. Ауызша емтиханнан "өте жақсы", "жақсы", "қанағаттанарлық" деген бағалар алған үміткерлер аттестацияланған болып танылады.

Ауызша емтиханнан "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған үміткерлер аттестацияланбаған болып танылады.

4.17. Аттестациялаудан өту кезінде үміткерге анықтамалық, арнаулы және өзге де әдебиетті, сондай-ақ қандай да болмасын жазбаларды қолдануға тыйым салынады. Аталған талаптарды және әдеп нормаларын бұзған жағдайда, үміткер аттестациялаудан шығарылып жіберіледі. Аттестациялаудан шығарылып жіберілген үміткер аттестацияланбаған болып саналады.

4.18. Емтихан билеттерінің сұрақтарына жауап беруге даярлану кезінде үміткерлер осы Ереженің N 5 қосымшасына сәйкес белгіленген үлгідегі арнаулы бланкаларды қолданады.

4.19. Үміткерлердің жауап беруге даярлануларына арналған бланкаларды және Аттестациялық комиссия мүшелеріне арналған ведомостардың бланкаларын оқу орталықтары осы Ереженің N 5 және N 6 қосымшаларына сәйкес дайындайды және аттестациялаудан өткізу туралы өтінішпен бірге БҚҰК Аттестациялық комиссиясының хатшысына беріледі.

4.20. Аттестациялық комиссияның мүшелері емтихан билеттерінің сұрақтарына берген үміткердің жауаптары үшін өздерінің бағаларын осы Ереженің N 6 қосымшасына сәйкес келетін ведомостқа қояды.

4.21. Аттестациялау аяқталғаннан кейін тест жүргізудің және ауызша емтиханның нәтижелері бойынша жасалған хаттамаға Аттестациялық комиссияның мүшелері және хатшысы қол қояды.

4.22. Аттестациялаудан өтпеген деп танылған тұлға нәтижесі бойынша аттестациялаудан өтпеген деп танылған аттестациялау өткізілген күннен бастап бір айдан ерте емес уақытта қайтадан аттестациялаудан өтуге құқылы.

4.23. Қайтадан аттестациялаудан өтуге рұқсат беру туралы өтінішпен үміткер Б Қ Ұ К жүгінеді.

4.24. Егер үміткер қайтадан аттестациялаудың нәтижесі бойынша аттестацияланбаған деп танылса, онда оның кемінде бір жылдан кейін аттестациялаудан өтуге құқығы бар.

4.25. Аттестацияланбаған деп танылған үміткердің шағым беруге құқығы бар.

4.26. Біліктілік куәліктерін алуға аттестациялаудан өтпеген үміткерлердің шағымдарын қарау мақсатында, БҚҰК Төрағасының бұйрығымен құрамында Апелляциялық комиссияның төрағасы және екі мүшесі бар Апелляциялық

к о м и с с и я

қ ұ р а л а д ы .

БҚҰК Аттестациялық комиссиясының төрағасы бір мезгілде БҚҰК Апелляциялық комиссиясының төрағасы бола алмайды.

4.27. Негізгі талаптары дәлелді түрде баяндалған шағымы туралы жазбаша өтінішті аттестацияланбаған тұлға БҚҰК Апелляциялық комиссиясы Төрағасының атына үміткерді аттестацияланбаған деп танылған күннен к е ш і к т і р м е й б е р е д і .

4.28. Апелляциялық комиссия шағым туралы жазбаша өтінішті қарап, аттестацияланбаған үміткердің талаптарының негізді немесе негізді еместігі т у р а л ы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

4.29. Шағымды қараудың мерзімі - шағым туралы өтінішті берген күннен бастап үш күннен аспайды. Шағымды қараудың нәтижесі хаттамамен ресімделеді және орындау үшін БҚҰК Аттестациялық комиссиясына беріледі. Қайтадан шағым жасауға жол берілмейді.

V. Біліктілік куәлігін берудің және қолданудың тәртібі

5.1. Аттестациялаудан өткен үміткерге осы Ереженің N 4 қосымшасында белгіленген үлгі бойынша және осы Ережемен айқындалатын тәртіпте біліктілік к у ә л і г і б е р і л е д і .

5.2. Оқу орталығы аттестациялау жүргізілген күннен кейін үш күндік мерзімде аттестациялауды жүргізу туралы хаттамаларды және қол қойылған біліктілік куәліктерін алу үшін БҚҰК Аттестациялық комиссиясының х а т ш ы с ы н а ж ү г і н е д і .

5.3. Аттестациялаудан өткен тұлға біліктілік куәлігін оқу орталығында немесе Б Қ Ұ К а л а д ы .

5.4. БҚҰК Аттестациялық комиссиясының хатшысының арнаулы журналға осы Ереженің 5.1 және 5.2-тармақтарында көрсетілген құжаттарды оқу орталығына берген күні тиісті жазбаларды жазуы арқылы БҚҰК берілген білікшілік куәліктерінің тізілімін жүргізуді жүзеге асырады. Оқу орталығының уәкілетті өкілі аталған журналға алынған біліктілік куәліктерінің саны үшін қол қ о ю ғ а м і н д е т т і .

5.5. Біліктілік куәліктерінің күші осы Ереженің N 4 қосымшасына сәйкес біліктілік куәлігінің бланкесінде көрсетілген Аттестациялық комиссияның шешімі шығарылған күннен бастап үш жыл ішінде қолданылады.

5.6. Біліктілік куәлігінің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін, маманның оны осы Ережемен айқындалған тәртіпте ұзартуға құқығы бар.

5.7. Біліктілік куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту үшін және кәсіби деңгейін ұстап тұру мақсатында бағалы қағаздар рыногында жұмыс істейтін

маман қайтадан аттестациялаудан өтуі керек.

5.8. Қайтадан аттестациядан өту үшін маман БҚҰК мынадай құжаттарды ұ с ы н а д ы :

- фотосуретімен бірге осы Ереженің N 8 қосымшасындағы үлгі бойынша қайтадан аттестациялаудан өтуге жіберу туралы өтініш;
- заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған еңбек кітапшасының (келісім-шарттың, еңбек келісімінің) көшірмесін;
- қолданылу мерзімі өткен біліктілік куәлігінің түпнұсқасы.

5.9. БҚҰК Аттестациялық комиссиясы маманның ұсынған құжаттарын қарай келіп, аталған маманды аттестациялаудан өтуге жіберілген үміткерлердің тізіміне енгізе отырып, аттестациялаудан қайтадан өтуге жібереді және бұл туралы оны х а б а р д а р е т е д і .

5.10. Аттестациялауды қайтадан жүргізудің тәртібі осы Ережемен айқындалған аттестациялауды жүргізу тәртібіне сәйкес болады.

5.11. Аттестациялауды қайтадан жүргізу нәтижесінде ауызша емтиханнан " қанағаттанарлықсыз" баға алған маман аттестациялаудан қайтадан өтпеген болып танылады, оның біліктілік куәлігінің қолданылу мерзімі ұзартылмайды және тоқтатылған болып саналады.

5.12. Аттестациялауды қайтадан жүргізу нәтижесінде ауызша емтиханнан " өте жақсы", "жақсы", "қанағаттанарлық" деген бағалар алған маман аттестациялаудан қайтадан өткен болып танылады, және оның біліктілік куәлігінің қолданылу мерзімі аттестациялаудан қайтадан өткен күннен бастап үш жылға ұзартылады, бұл туралы берілген біліктілік куәліктерінің тізіліміне тиісті жазба енгізіледі, ал біліктілік куәлігінің бланкесіне БҚҰК арнаулы штампы қ о й ы л а д ы .

5.13. Қазақстан Республикасының заңдарын және саудаластықтарды ұйымдастырушылардың немесе өзін-өзі реттейтін ұйымдардың ережелерін бұзу анықталған жағдайда, БҚҰК Аттестациялық комиссияның ұсынысы бойынша БҚҰК біліктілік куәліктері бар мамандарды мерзімінен бұрын аттестациялаудан өтуге м і н д е т т е у г е қ ұ қ ы л ы .

VI. Берілген біліктілік куәліктерінің пайдаланылуына б а қ ы л а у ж а с а у

6.1. Бақылау біліктілік куәліктері бар тұлғалардың қызметінің

қолданылып жүрген заңның талаптарына сәйкестілігін анықтау мақсатында жүзеге асырады.

6.2. Біліктілік куәліктерінің пайдаланылуына бақылау жасауға

қолданылып жүрген заңның талаптарына сәйкес мамандардың қызметтеріне тексеріс жүргізу кіреді.

6.3. Тексерістерді жоспарлы тәртіпте және қолданылып жүрген заңды бұзу туралы ақпарат келіп түскен жағдайларда БҚҰК жүзеге асырады.

6.4. Берілген біліктілік куәліктерінің пайдаланылуына бақылау жасауды БҚҰК атқарушы аппаратының уәкілетті бөлімшесі (бұдан әрі Бөлімше) жүзеге асырады.

Бөлімше:

- оқу орталықтарын қызметін талдауды;
- Аттестациялық комиссияның жиналыстарын өткізуге құжаттар әзірлеуді;
- аттестациялауды өткізуге құжаттар әзірлеуді;
- аттестациялаудың нәтижелерін ресімдеуді;
- оқу орталықтарымен хат жазысуды;
- берілген біліктілік куәліктерін мамандардың пайдалануларына бақылау жасауды;
- біліктілік куәліктерін тоқтата тұруға және қайтарып алуға құжаттар әзірлеуді жүзеге асырады.

6.5. БҚҰК іс-әрекеті бағалы қағаздар рыногын реттейтін заңдардың нормаларын бұзуға әкеп соққан маманға оны осы ережеге сәйкес қайтадан аттестациялаудан өткізе отырып жазбаша ескерту жасауға құқылы.

VII. Біліктілік куәлігін қолдануды тоқтата тұрудың және қайтарып алудың тәртібі

7.1. БҚҰК Аттестациялық комиссиясының ұсынысы бойынша шығарылған БҚҰК шешімінің негізінде, берілген біліктілік куәлігін бір айдан үш айға дейінгі мерзімге тоқтата тұру жүзеге асырылады.

7.2. Берілген біліктілік куәлігін тоқтата тұру:

а) маманға бағалы қағаздар рыногының субъектілері тарабынан елеулі талаптар қойылған;

б) оқу орталықтарына немесе БҚҰК құжаттар тапсыру кезінде анық емес мәліметтер берілген жағдайларда жүзеге асырылады.

7.3. Біліктілік куәлігін қолдануды тоқтата тұру маманның жоғарыда аталған мерзімге бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметке құқығынан айыруға әкеп соғады.

7.4. Біліктілік куәлігін қолдануды тоқтата тұруға әкеп соққан негіздер жойылғаннан кейін, БҚҰК Аттестациялық комиссиясының ұсынысы бойынша

БҚҰК шешімімен біліктілік куәлігін қолдану жаңартылады.

7.5. БҚҰК Аттестациялық комиссиясының ұсынысы бойынша БҚҰК шығарған қаулысының негізінде мынадай:

- а) тоқтата тұру үшін негіз қайтадан туындаған;
- б) Қазақстан Республикасының заңдарының талаптарын бұзу анықталған және Аттестациялық комиссияның шешімімен өзінің қызметінің нәтижесінде жеткіліксіз түрде білікті деп танылған;
- в) экономикалық қылмыс жасағандығы үшін сотталғандығы болған;
- г) салдарынан біліктілік куәлігін қолдануды тоқтатыла тұрған заң

бұзушылықтар үш айдың ішінде жойылмаған жағдайларда біліктілік куәліктерін қайтарып алу жүзеге асырылады.

7.6. Біліктілік куәлігі оның қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін өзінің қолданылуын тоқтатады.

7.7. Біліктілік куәлігін қайтарып алу мамандарға немесе олар қызметкерлері болып табылатын заңды тұлғаларға хабарламаларды бір мезгілде баспасөзде хабарлай отырып жіберу арқылы жүзеге асырылады.

7.8. Қолданылып жүрген заңды дәрекі түрде қасақана бұзу салдарынан біліктілік куәлігінен айырылған маман қайтадан аттестациядан өтуге құқылы емес.

7.9. Куәлігінен айырылған маманның БҚҰК шешімі жөнінде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген тәртіпте шағым жасауға құқығы бар.

Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлаудың, берілген біліктілік куәліктерінің пайдаланылуына бақылау Фотосурет жасаудың, олардың қолданылуын тоқтата тұрудың және қайтарып алудың тәртібі туралы ережеге N 1 қосымша

Оқу орталығы

(оқу орталығының толық атауы)

(тегі, аты, әкесінің аты)

ӨТІНІШ

Мені бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау жөніндегі курсқа қабылдауды және _____ санатты біліктілік куәлігін алу үшін Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясында аттестациялаудан өтуге жіберуді сұраймын.

Туған жылы _____

Жынысы _____

Білімі, диплом бойынша мамандығы _____

Оқу орынның атауы _____

Жұмыс стажы:

жалпы _____

оның ішінде қаржы рыногындағы _____

Жұмыс орны _____

Қызметі _____

Төлқұжаты _____

(сериясы, нөмірі, құжатты кім және қашан берген)

Тұратын мекен-жайы: _____

Телефон нөмірі:

жұмысының _____

пәтерінің _____

Өтінішке қоса тіркелген құжаттардың тізбесі;

- білім жөніндегі дипломның көшірмесі;

- еңбек кітапшасының көшірмесі.

Қолы:

Күні:

Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлаудың, берілген біліктілік куәліктерінің пайдаланылуына бақылау жасаудың, олардың қолданылуын тоқтата тұрудың және қайтарып алудың тәртібі туралы ережеге N 2 қосымша

Қазақстан Республикасының

Бағалы қағаздар жөніндегі
Ұлттық комиссиясы
Аттестациялық комиссияның
төрағасы _____

Ө Т І Н І Ш

(оқу орталығының толық атауы)

Сізге 199__ жылдың _____ бастап _____ шейін
_____ санат бойынша бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу
үшін мамандар даярлайтын курстың жүргізілетіндігін хабарлайды.

Аттестациялауды жүргізу жобаланған күн " __ " _____ 199__ ж.

Тыңдаушылардың саны _____ адам.

Қоса тіркелген құжаттардың тізбесі:

- курстардың кестесі;
- тыңдаушылардың тізімі.

Оқу орталығының жетекшісі _____
" __ " _____ 199__ ж.

Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін
мамандар даярлаудың, берілген біліктілік
куәліктерінің пайдаланылуына бақылау
жасаудың, олардың қолданылуын тоқтата тұрудың
және қайтарып алудың тәртібі туралы ережеге
N 3 қосымша

Қазақстан Республикасының

Бағалы қағаздар жөніндегі

ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯСЫ
Аттестациялық комиссияның
төрағасы _____

Ө Т І Н І М

(оқу орталығының толық атауы)
199__ жылдың _____ бастап _____ шейін даярлықтан
өткен тыңдаушыларды _____ санатты біліктілік куәлігін алу
үшін 199__ " __ " _____ аттестациялаудан өткізуді сұрайды.

Қоса тіркелген құжаттардың тізбесі:

- тыңдаушылардың тізімі;
- тыңдаушылардың құжаттары.

Оқу орталығының жетекшісі _____
" ____ " _____ 199__ ж.

Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін
мамандар даярлаудың, берілген біліктілік
куәліктерінің пайдаланылуына бақылау
жасаудың, олардың қолданылуын тоқтата тұрудың
және қайтарып алудың тәртібі туралы ережеге
N 4 қосымша

_____ санатты
N _____

Біліктілік куәлігі

Осы куәлік _____
берілді, себебі ол Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі
ұлттық комиссиясы бекіткен оқу бағдарламасына сәйкес, бағалы қағаздар
рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау курсына оқыды.

Аттестациялық комиссияның 199__ жылғы " __ " _____
шешімімен
бағалы қағаздар рыногындағы маман квалификациясы берілді және бағалы
қағаздар рыногында _____

_____ (қызметтің түр)
жүзеге асыруға лицензия алу үшін құқық беріледі.

Ұлттық комиссияның
Төрағасы _____
Аттестациялық комиссияның
Төрағасы _____
Хатшысы _____

М.О. Алматы қаласы

Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін
мамандар даярлаудың, берілген біліктілік
куәліктерінің пайдаланылуына бақылау
жасаудың, олардың қолданылуын тоқтата тұрудың
және қайтарып алудың тәртібі туралы ережеге
N 5 қосымша

Аты-жөні _____

Күні _____

Оқу орталығының атауы _____

Билеттің N _____

1-сұрақ _____

2-сұрақ _____

3-сұрақ _____

Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін
мамандар даярлаудың, берілген біліктілік
куәліктерінің пайдаланылуына бақылау
жасаудың, олардың қолданылуын тоқтата тұрудың
және қайтарып алудың тәртібі туралы ережеге
N 6 қосымша

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі
Ұлттық комиссиясы

" _____ " _____ 199__ ж.

Оқу орталығы _____
Аттестациялық комиссияның мүшесі _____
_____ емтиханның нәтижесі бойынша ведомосы

N	Үміткердің аты-жөні	билеттің N	1	2	3	бағасы

Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін
мамандар даярлаудың, берілген біліктілік
куәліктерінің пайдаланылуына бақылау
жасаудың, олардың қолданылуын тоқтата тұрудың
және қайтарып алудың тәртібі туралы ережеге
N 7 қосымша

Қазақстан Республикасының

Бағалы қағаздар жөніндегі
Ұлттық комиссиясы
Аттестациялық комиссияның
төрағасы _____

ӨТІНІШ

(тегі, аты, әкесінің аты)

БҚҰК Аттестациялық комиссиясының 199__ жылғы " __ " _____
шешімімен берілген _____ санатты N _____ біліктілік куәлігінің
қолданылу мерзімін ұзарту үшін қайтадан аттестациялаудан өтуге жіберуді
сұраймын.

Қолы:

Күні: